

Жамбыл облысының білім беру және мәдениет ұйымдарына атау беру және қайта атау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 28 сәуірдегі № 236 қаулысы.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 4-1) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1996 ж., № 11, 81-құжат) сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жамбыл облысының мынадай білім беру және мәдениет ұйымдарына:

- 1) "Тараз қаласы әкімдігі білім бөлімінің № 1 гимназиясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Әлихан Бөкейхановтың есімі;
- 2) "Тараз қаласы әкімдігі білім бөлімінің № 53 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Қаратай Тұрысовтың есімі;
- 3) "Т. Рысқұлов ауданы әкімдігі білім бөлімінің "№ 2 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Әлихан Бөкейхановтың есімі;
- 4) "Байзақ ауданы әкімдігі білім бөлімінің № 1 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Ғазиз Байтасовтың есімі;
- 5) "Жамбыл облысы әкімдігі мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының "Жамбыл облыстық балалар мен жасөспірімдер кітапханасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Дінмұхамед Қонаевтың есімі;
- 6) "Жамбыл облысы Шу ауданы әкімдігі білім бөлімінің "№ 2 Балалар саз мектебі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына Әбілахат Еспаевтың есімі берілсін.

2. Мынадай білім беру ұйымдары:

- 1) "Байзақ ауданы әкімдігі білім бөлімінің Чапаев атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі "Байзақ ауданы әкімдігі білім бөлімінің Әзімбек Жанқұлиев атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 2) "Жамбыл облысы Жуалы ауданы әкімдігі білім бөлімінің "№ 13 Аркадий Гайдар атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Жамбыл облысы Жуалы

ауданы әкімдігі білім бөлімінің "Ахмет Байтұрсынов атындағы № 13 орта мектебі"
коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып қайта аталсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК